

4. Resource Books for Teachers: Project Work (New Edition) by Diana L. Fried-Booth (2006) Oxford, Oxford University Press. – p.127
5. PROJECT BASED LEARNING (PBL) starter Kit by John Larmer, David Ross, John R. Mergendollar
6. Integrating Project Work in the EFL Classroom by Ken Fujioka Keisen University.
7. STEM Project-Based Learning Robert M. Capraro, Mary Margaret Capraro and James R. Morgan [Text] / Robert M. Capraro, Mary Margaret Capraro and James R. Morgan.
8. PROJECT-BASED LEARNING HANDBOOK “Educating the Millennial Learner” 2006.
9. Work That Matters: Teacher’s guide to project-based learning. 2012.
10. Rukhani Zhangyry. Electronic document: the access to the source // URL: http://yasli-sad13.kz/Docum/ruhani/Metod_posobie_rus.pdf

Article received by the editorial office: 23.12.2017

ПОДАВЕЦ, О.Д., ДАНИЛОВА, В.В.

ЖОБА НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ БАСЫМДЫЛЫҒЫ РЕТІНДЕ

*Бұл мақала заманауи ағылшын прозасындағы (Aldous Huxley's *Crome Yellow* негізінде) инверсияны анықтауға арналған. Авторлар инверсияның түрлерін және оның дәстүрлі және балама тәсілдеріне негізделген функцияларын қарастырады. Авторлар инверсияның стилистикалық және грамматикалық түрлеріне мысалдар жиынтығын ұсынады. Жұмыс қорытындысы сапалық және сандық нәтижелерді айқындайды. Жұмыстың толық мәтіні студенттің дипломдық жобасында көрсетілген.*

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: инверсия, проза, стилистика, грамматика, функция.

ПОДАВЕЦ, О.Д., ДАНИЛОВА, В.В.

ОБУЧЕНИЕ НА ОСНОВЕ ПРОЕКТОВ КАК ПРИОРИТЕТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО УЧИТЕЛЯ

Данная статья посвящена проблеме идентификации инверсии в современной английской прозе (на основе «Crome Yellow» Олдоса Хаксли). Авторы анализируют различные типы инверсии и ее функции, основанные на традиционных и альтернативных подходах. Авторы представляют набор примеров, иллюстрирующих инверсию обоих типов: стилистический и грамматический. Выводы показывают качественные и количественные результаты проделанной работы. Полный текст работы был отражен в дипломном проекте студента.

Ключевые слова: инверсия, проза, стилистика, грамматика, функция.

ӘОЖ 378.1

Успанова, А.А.,

Ахмет Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университетінің

1 курс магистранты

Қостанай қ., Қазақстан

Утегенова, Б.М.,

педагогика кафедрасының меңгерушісі,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан

I КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ОҚУҒА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіні

Ұсынылған ғылыми мақалада бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделу мәселелері айқындалды. Студенттердің оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығының төмендеуі, топ арасында өз орнын табуы,

студенттік ортада жетістікке жету мәселелері қарастырылады. Бірінші курс студенттерінің оқу үрдісіндегі ұжымдық қатынас мазмұны ашылды. Студент жастардың әлеуметтік ортаға бейімделу кезеңдері белгіленді.

***Мақаланың мәнін ашатын сөздер:** бейімделу, студенттік шақ, студенттің жаңа оқу үрдісіне бейімделуі, оқу әрекетін ынталандыру, жетістікке жету жолдары, әлеуметтік орта.*

1. Кіріспе.

Қазіргі таңда қоғамның өзекті мәселелерінің бірі студенттер жоғары оқу орнына түсіп, оқытуымен ғана емес, сонымен қатар білім беру ортасына бейімделуімен айналысады. Бейімделу үрдісі күрделі динамикалық қозғалыста өтеді, оған себеп болатын жоғары оқу орнындағы түрлі қарама – қайшылықтары.

Осы мәселе бойынша қазіргі таңдағы соңғы зерттеулерде студенттердің жоғары оқу орнына түскен кезінде, осы ортаға бейімделуі А.Я. Варламова., В.Н. Бородулина., В.М. Кузьмина еңбектерінде қарастырылған. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің өзекті мәселелерін шетелдік ғалымдар А.А. Балл, Л.И. Божович, В.А. Петровский, Ж. Пиаже, З. Фрейд, Э. Эриксон зерттеулерінде қарастырылған.

Студенттің жоғары оқу орнына бейімделу деңгейінен, оның тұлғалық дамуы мен алдағы кәсіби мансабы жатыр. Ал жоғары оқу орнындағы талаптар қазіргі таңда өзгергені соншалық, студенттерге бейімделу үрдісі күрделенуде. Бірінші курс студенттерінің бейімделу кезеңі табысты өтпеген жағдайда кейбір мәселелер пайда болады. Олар: студенттердің ұжыммен, оқытушылармен қарым – қатынас орната алмауы, жаңа пәндерді түсінудегі қиыншылықтар, оқуға деген мотивациясының түсуі, көңіл-күйі мен үлгерімінің төмендеуі. Жалпы айтсақ, студент (латын тілінен – бар ынтамен еңбек етуші, сонымен қатар меңгеруші, игеруші) берген ақпараттарды меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолдана алуы керек. Бұл еңбектің табыстылығы үшін де қолайлы жағдайлар жасалуы маңызды.

Біздің зерттеуіміз бойынша бірінші курс студенттің бейімделу үрдісінде мынадай негізгі мәселелер туындалады:

- оқуға деген мотивациясының төмендеуі;
- ұжым, топ арасында өз орнын таба алмау;
- студенттік ортада жетістікке жету.

2. Материалдар мен әдістер.

Жоғары оқу орнындағы бірінші курс студенттері 17–18 (жастық шақ) жас аралығында. Бұл студенттер жасөспірімдік кезеңнен жатық шақ кезеңіне өтуде. Осы кезеңде әлеуметтік ортаның түрлі ықпалдарына еліктеуі басым болады. Бұл бейімделудің тұрмыс – тіршілік жасау әрекеті. Ал студенттік жаста өз – өзіне жауапты болу оқуда өз бетімен білім алу талаптары қойылғанда кейбір студенттер инфантильді көзқараста болып үнемі жетекшілікті күтеді. Осы мәселені шешу барысында бейімделуді күшейту керек.

Түрлі ғалымдар бейімделу ұғымына әлеуметтік саладан анықтама берген (Г.А. Балл, О.И. Зотова, О. Кольвах, Т.О. Кончанин, И.К. Кряжева және басқалар). Бейімделу – бұл адам мен қоғам арасындағы қарым – қатынас үрдісі, осы ортадағы шарттарға байланысты адекватты түрде өзгертін мінез – құлық моделі мен стратегиялары пайда болады (В.А. Якунин) Бейімделу – бұл студенттің жоғары оқу орнындағы білім беру үрдісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына қатынасы мінез – құлықтың өзгеру үрдісі (Г.А. Балл).

Дәстүрлі түрде бірінші курс студенттердің бейімделуі, студенттердің негізгі іс – әрекетінің бағдарын көрсететін 3 аспект жиынтығы ретінде қарастырылады:

- оқу іс – әрекетінің шарттарына бейімделу (жаңа оқыту формасына, білім алу мен бағалау, басқа еңбек пен дем алу режиміне, өз бетінше өмір сүруге және т.б.);
- топқа бейімделу (топ арасына кіру, дәстүрлер мен ережелерін меңгеру);
- болашақ мамандығына бейімделу (мамандығы бойынша білім, дағдыларын меңгеру)

Ал Е.В. Осипчукова зерттеуі бойынша бірінші курс студентінің оқу ұжымына, әлеуметтік ортасына тұлғалық бейімделуді 4 кезеңге бөліп қарастырған:

1) бастапқы кезең – тұлға(топ) өзін жаңа әлеуметтік ортада қалай ұстау керектігін түсінеді, бірақ жоғары оқу орнындағы жаңа құндылықтар жүйесін қабылдауға дайын емес, сондықтан бұрын ұстанып келе жатқан құндылықтар жүйесін ұстанады.

2) төзімділік кезеңі – индивид, топ және жаңа орта арасында, өзін ұстау және құндылықтар жүйесіне өзара төзімділік пайда болады.

3) аккомодация – индивидтің жаңа ортадағы құндылықтар жүйесін қабылдауы, сонымен қатар топтың жаңа әлеуметтік ортадағы индивидтің құндылықтарын қабылдауы.

4) ассимиляция – индивидтің (топтың) жаңа ортамен құндылықтар жүйесінің ұйқас келуі [2].

Біз осы кезеңдермен толық келісеміз. Бірақ, кезеңдер студентке қиындық тудырмай, бірінші кезеңнен бастап студентті шектеу, ынтасы мен оқуға деген құштарлығы төмендету болса, осы кезеңнен келесі кезеңге өтуге сырттай куратор – эдвайзер көмек көрсетуі тиіс. Ал студент қиындықтан қашпай, өзінің мақсатына жетуге ұмтылуы, өзінің білім алуға деген ынтасы қажет екенің түсінуге қоршаған ортаның ықпалы зор.

Осы жоғары оқу орнында бейімделу 2 бағыт бойынша жүреді, ол кәсіби білім алуға бейімделу және әлеуметтік-психологиялық бейімделу, деп аталады. Бұл бағыттарды Л.Д. Столяренко былайша түсіндіреді:

а) кәсіби бейімделу, оқу үрдісінің шарттарына, мазмұнына, жағдайлары мен ұымдастырылуына икемделу, оқыту және ғылыми жұмыстарда өзбеттілік дағдыларын қалыптастыру;

б) әлеуметтік-психологиялық бейімделу – индивидтің топпен қарым – қатынасы, топқа бейімделуі және өзіне тән мінез-құлық стилінің анықталуы [3].

Сонымен, анықтамаларға тоқталып өтсек:

Бейімделу – индивидтің әлеуметтік ортамен өзара эффективті әрекеттесуі, ортаның нормаларына сай мінез – құлқының өзгеруі.

Студенттік шақ – адамның физикалық жағынан және ақыл – ой дамуының өркендеу кезеңі. Б.Г. Ананьев зерттеуі бойынша, адамның социогендік дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Жоғары білім, тұлғаның психикасына, қасиеттерінің дамуына ерекше әсерін тигізеді.

Студенттердің жаңа оқу үрдісіне бейімделуі жоғары оқу орындарының шарттарына, ұжымдағы жаңа мәртебесіне сай тәртіптенуі, болашақ мамандығына байланысты тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру талаптары іске асыруда нәтиже береді.

Жоғары оқу орнындағы жаңа оқу үрдісіне бейімделуге әсер ететін факторлар:

Әлеуметтік фактор – студенттің әлеуметтік шығу тегі, жасы, аяқтаған оқу орны.

Психологиялық фактор – әлеуметтік-психологиялық және индивидтік-психологиялық факторлар, бағыты, интеллекті, топтағы орны, тұлғалық бейімделу ынтасы.

Педагогикалық фактор – ортаны жағымды ұйымдастыру, педагогикалық шеберліктің деңгейінің өсіп жетілуі.

Осы факторлар студентке бейімделуге ықпал жасағандықтан бұл мәліметтер мұғалімдерге де біраз көмек беруі мүмкін. Студенттер алғашқы курста шамадан тыс жүктеме сезініп отырады. Оқудың кез келген түрі қиын, ал жоғары оқу орны ерекше күрделі үрдіс. Түлектер жоғары оқу орнына әр түрлі мектептерден, әр түрлі деңгейдегі дайындықпен келеді. Сондықтан, мұғалімдер, кураторлар студенттердің оқу жылының басында, алдынан шығатын мәселелерді саралап, сонынан куратор студенттермен талқылап шешуі керек. Кураторлар өздерінің керек жағдайда әрдайым қасынан табылатынын білдіріп, сұрақтары туындаған жағдайда бағыт – бағдар беріп, көмектесетінін айтып, психологиялық қолдау көрсетуі тиіс.

Жоғары оқу орнында еңбек және кәсіби қызмет негізі туындайды. Студент – ол болашақ кәсіби маман. Сондықтан оның білімі мен дағдыларын дұрыс қалыптастыру міндеттері арнайы шешуді талап етеді. Білім беру студенттердің оқуға деген қызығушылығын көтеруі

де, төмендетуі де мүмкін. Көбінесе студенттің жаңа әлеуметтік рөлі бастапқы оқуға деген түрткілерін ақырындап төмендетеді. Бірақ, оқуға деген түрткісі өз бетінше көтерілмейді, ол оқыту үрдісінде қалыптастырылады. Педагог осы кезден бастап жұмыс жасауы керек. Түрткінің қалыптасуына 5 фактор әсер етеді:

1. Білім беру ақпаратының мазмұны;
2. Оқыту іс – әрекетінің ұйымдастырылуы;
3. Оқыту іс – әрекетінің топтық формалары;
4. Оқу іс- әрекетінің бағасы;
5. Педагогтың іс – әрекет стилі [1];


Дегенмен, түрткілердің пайда болуы студенттердің өздеріне байланысты болады. Біріншіден мамандықты өзі қызықтыратын, болмаса бұрын айналысқан қызығушылықтарымен байланыстырылуы керек. Алдына шынайы мақсат қойып, өзіне деген сенімін арттыруы және сол мақсатқа жету үшін өзіне жағдай жасау керек. Денесіндегі сенімсіздік, қорқыныш, үрей, ұялшақтықтан айрылып, мақсатының жетуіне назарын аударғаны жөн.

Студенттік ұжым, топ арасында өз орнын таба алу да маңызды мәселенің бірі. Студенттер әр түрлі ортадан келеді: біреуі қаланың баласы болса, біреуі ауылдың баласы. Бұл студенттерде бейімделу үрдісі әр түрлі жүреді. Қалада тұрған бала әрдайым қасында әр түрлі адамдардың болуына бейімделген, ол үшін жоғары оқу орнына келу өте үлкен мәселе болып табылмайды. Ал ауылдан келген бала өзіне үлкен ауыр соққы алғандай, бейімделу үрдісінен ақырындап, баяу өтеді. Бұл студенттер «студент» мәртебесін алумен қатар қала шарттарымен өмір сүруге, жатақхана немесе туыстарының үйінде тұруға бейімделу үрдісінен өтуі тиіс. Жаңа ұжымда бейімделу, ұжымдағы жағдайға байланысты, оның психологиялық ахуалына, қаншалықты студентке қызықты, жайлы, сабақ үстінде педагогтар мен құрдастар арасындағы қарым – қатынас үрдісінде өзін қаншалықты қауіпсіз сезінуінің деңгейі болып табылады. Оқу ұжымы екі түрлі құрылымда болады: біріншісі – студенттер оқу ұжымының көп ерекшеліктерін айқындайтын оқытушы, кураторлардың мақсатты бағытталған әсер ету объектісі болып табылады; екіншісі – оқу ұжымы бұл, ерекше әлеуметтік – психологиялық заңдарға бағынып, өз бетінше дамитын құбылыс. Бірінші курс студентінің бейімделу ерекшелігі – студенттер әлдеде ережелер мен нормалары қалыптаспаған ұжымда. Бұл топта әр студент, басқаға жаңа тұлға болып табылады. Топтың әрбір тұлғасы, ережелер мен мінез – құлық нормаларын қалыптастыруда ерекше орын алады.

Осы студенттік ұжым арасында бейімделгенмен қатар, жетістікке жету де өзекті мәселе. Бұл мәселені шешу үшін студент «Мен кімін? Немен айналысамын? Мені не қызықтырады?» деген сұрақтарға жауап іздестіреді. Бұл сұрақтар студентке студенттік ортада жетістікке жетуге, өз орнын табуға көмектеседі, бірақ, бұл сұрақтар тек шынайы жауаптарды талап етеді және жауапты тек студенттің өзі ғана таба алады. Жетістік рухани және материалдық құндылықтарды, адами қасиеттерді талап етеді. Жетістікке жету үшін алдымен мақсат қойып, оған жету жолдарын қарастыру керек. Күтіп тұрған қиындықтардан, сәтсіздіктерден өтуіге өзіндік сенім білдіріп, өз күшіне күмәнданбай, ісіне дайын болуы жатыр. Ұжым, топ арасында өз орнын тапқан, жетістікке жетуге тырмысатын студент бейімделу үрдісінде тағы бір үлкен қадам жасауда.

3. Нәтижелер және талқылау.

Бірінші курс студенттердің бейімделу үрдісіндегі қиыншылықтарды анықтап, оларды жеңіп өту жолдарын табу студенттердің белсенділігін, үлгерімін және білім сапасын көтереді. Сондықтан біз әлеуметтік – психологиялық бейімделу – тұлғаның қоғамдық ортамен байланысын күрделі үрдіс деп ойлаймыз.




Сурет 1 – Студенттердің оқу түрткілер деңгейін анықтау (В.Г. Каташев)

Жүргізілген сауалнама бойынша студенттердің ең көп орта деңгейлі түрткі 37.5% – 15 студент алып отыр, содан соң нормаға сай 22,5 % – 9 студент және жоғары деңгейде 20% – 8 студент, төмен деңгейде 20% – 8 студент анықталды. Оқуға деген мотивациясы жоғары студенттер оқу іс – әрекетінде және басқа да іс – әрекеттерде жоғары нәтижеге жетуге тырмысиды, алдына жоспар құрайды. Белсенді, өмірге позитивті көзқараспен, өзіне және айналасындағыларға сүйіспеншілікпен қарайды.

Оқу іс – әрекетіндегі мотивациясы төмен студенттер – кәсіби мамандығын дұрыс түсінбейді, алдағы уақытқа мақсатын анықтамаған, оқып жатқан мамандығы өзіне қызықсыз болып табылады. Біздің ойымызша бұл студенттер әлдеде өзін – өзі табу деңгейінде.

Бірінші курс студенттердің түрткісін төмендеуінің бір себебі, ұжымда өз орнын таба алмауы болғандықтан, В.Ф.Ряховскийдің «Қарым – қатынас компетенттілігін анықтауға арналған» әдістемесі арқылы студенттердің қарым – қатынасқа түсуі анықталды. Бұл әдістеменің мақсаты: тұлғаның кәсіби маңызды ерекшеліктерін анықтауда қарым – қатынас негізгі саты болғандықтан, студенттердің кәсіби күтуі мен іс - әрекет потенциалын анықтау, кәсіби және жеке тұлғалық дамудың перспективаларын және адамның коммуникативтілік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 2 – Қарым – қатынас компетенттілігін анықтау (В.Ф.Ряховский)

Әдістеме бойынша 1 курс студенттердің қарым – қатынас деңгейі орташа. Пайыздық көрсеткіш бойынша ең жоғары 52,5%, яғни 25 студент қарым – қатынасқа жеңіл түседі, өз көзқарасында ашуға батпай тұрады. Жаңа адамдармен қорықпай, күмәнсіз қарым – қатынасқа түсуге бейім. Бірақ, тым артық сұрақтар қойып, адамдарға маза бермеу, өздеріне назар аударғанды ұнататын, ашуға тез батып, тез ұмыту қасиеттері болуы мүмкін.

22,5%, яғни 9 студент жаңа адамдармен қарым – қатынасқа түсуді ұнатады, кез – келген пікір - таласқа қатыса алады, көп сөйлейді, маңызды жұмыстармен айналысуды ұнатпайды. Тез ашуланатын, ренжитін қасиеттер бар.

15%, яғни 6 студент көп сөйлеуді ұнатпайтын, сөйлеуге бейімсіз, тұйық, жаңа адамдар мазасыздандырады, жалғыздықты ұнатады. Бұл студенттерге топтық жұмыстарға түсіп, өзін қарым – қатынасқа түсуге үйрету керек.

Бірінші курс студенттерінің бейімделу үрдісі табысты өтуі үшін біздің ойымызша ата - аналар, жоғары оқу орны мен педагогтар және студенттердің өздеріне байланысты. Осыған орай біз келесі ұсыныстарды атап өткіміз келеді:

Жоғары оқу орны мен педагогтарға ұсыныстар:

1. Оқу үрдісінде бірінші курс студенттердің бейімделу қиыншылықтарын еске алу керек;

2. Студент пәнді тек оқып, жаттап жүрмес үшін, сонымен қатар негізгі және қайталама мәселелерді айыруды үйрету мақсатымен әр түрлі оқыту әдістемелерін қолдану керек;

3. «Мамандыққа кіріспе» пәнін бірінші курста жүргізу. Бұл пән арқылы студент өзінің болашақ кәсібі туралы көз алдында елестете алатындай білім алуы керек. Алдағы кәсібінде қандай қиыншылықтар, қандай құжаттар толтырып, қандай жауапкершілік болатынын түсінуі қажет;

4. Бірінші курс студенттеріне бейімделуге байланысты тренинг жүйесін өткізу;

5. Жоғары оқу орнына табысты бейімделуі үшін куратор, эдвайзер рөлін көбейту;

6. Студенттерді жоғары оқу орнындағы белсенді әлеуметтік өмірге тарту.

Ата – аналарға ұсыныстар:

7. Баласымен дұрыс қарым – қатынас орната білу;

8. Баланың күшті жақтарын айтып отыру;

9. Балаға сенім білдіріп, пікір алмасу;

10. Баланың табыстарына қуана білу;

11. Деканмен қарым – қатынас орнатып, баланың оқу туралы қызығушылығын білдіру, тек бұны студент білмегені жөн.

Бірінші курс студенттеріне ұсыныстар:

1. Өз кәсібін ұнату, қызығушылық таныту;

2. Қоршаған ортамен тіл табысып, қарым – қатынас орнату;

3. Педагогтармен тіл табысып, қарым- қатынасқа түсу;

4. Өзін жаңа ортада көрсетуге ұялмау, қашпау;

5. Жаңа «студент» мәртебесіне лайық ұстау.

4. Қорытынды.

Біз бірінші курс студенттерінің бейімделуі бойынша кейбір мәселелерді талқыладық. Ол: оқуға деген түрткісінің төмендеуі; ұжым, топ арасында өз орнын таба алмау; студенттік ортада жетістікке жету. Студенттердің түрткісін анықтау мен қарым – қатынасқа түсуін анықтау мақсатымен әдістеме жүргізілді. Ата – аналарға, студенттерге және жоғары оқу орны мен оқытушыларға ұсыныстар берілді.

Біз студенттердің жоғары оқу орнына бейімделудің мәселелері әлдеде шешілмеген, қызықты да өзекті тақырып деп білеміз. Бұл тақырыпты талқылап, зерделеп, ширатып зерттеу керек деген шешімге келдік. Оқу орнындағы ұйымдардың педагогикалық іс әрекеті бірінші курс студенттерге қайшылық, қиындық тудыратын мәселелерді анықтап, олардың алғашқы кезеңде «не істеу керек?» деген сұрақ туындамауына бар күшін салып жаңа әдістер қолданып шешу керек.

5. Ризашылық білдіру.

Осы мақаланы жазуда ақыл – кеңесін беріп отырған, доцент Утегенова Бибігүл Мазановнаға алғысымды білдіремін. Мақаладағы сауалнама өткізуде көмектерін көрсеткен бірінші курс студенттеріне ризашылық білдіремін.

Әдебиет тізімі

1 Емалетдинов, Б.М. Проблема мотивации учебной деятельности студентов [Текст] / Б.М. Емалетдинов // Вестник Башкирского Университета. – Уфа: [б.и.], 2010. – Т. 15. – №2. – 521–527 б.

2 Осипчукова, Е.В. Адаптация студентов первого курса к системе высшего профессионального образования: от теории к практике [Текст] / А.В. Пономарев, Е.В. Осипчукова // Образование и наука: Известия УрО РАН, 2007. – № 1 (43). – 42–50 с.

3. Столяренко, Л.Д. Основы психологии [Текст]: 2-е изд. / Л.Д. Столяренко. – Ростов н/Д: Феникс, 1997. – 736 с.

Мәлімет редакцияға түсті: 06.12.2017

УСПАНОВА, А.А., УТЕГЕНОВА, Б.М.

1 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ОҚУҒА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В статье рассматриваются проблемы адаптации первокурсников к высшему учебному заведению. Рассматриваются вопросы снижения мотивации студентов к учебной деятельности, условия определения своего места в студенческой группе, средства достижения успеха в студенческой жизни. В статье исследованы групповые взаимоотношения студентов-первокурсников в учебном процессе. Изучены вопросы периодизации адаптации студенческой молодежи к социальной образовательной среде вуза.

Ключевые слова: *адаптация, студенческий возраст, адаптация студентов к учебному процессу, мотивация учебной деятельности, путь к успеху, социальная образовательная среда.*

USPANOVA, A.A., UTEGENOVA, B.M.

Adaptation problems of first-year students to a higher educational institution is considered in the article. Considered topics: decrease of students' motivation to educational activity, definition conditions of the place in student's group, means of success achievement in student's life. The group relationship of first-year students in educational process is investigated in the article. Questions of adaptation periodization of the student's youth to the social educational environment of a higher education institution are studied.

Keywords: *adaptation, students' age, adaptation of students to educational process, motivation of educational activity, way to success, social educational environment.*